

"2014 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы N 7-19 с шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 8 сәуірдегі N 4-22c шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 сәуірде N 2691 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 10 наурыздағы N 14.2.3-3/38 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 10.03.2015 N 14.2.3-3/38 х а т ы) .

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Занының 21 бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т I :

1. "2014 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" Уәлиханов аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-19 с шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімде 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 2503 тіркелген, 2014 жылғы 3 ақпандағы "Нұрлы Ел" және 2014 жылғы 3 ақпандағы "Қызылту" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер

енгізілсін:

шешімнің атауы келесі редакцияда жазылсын:

"2014 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономикалық кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы";

1 және 2 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2014 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, өтініш берген сәтінде, бірақ бір мың бес жұз еселік айлық есеп көрсеткішінен аспайтын бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. 2014 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, өтініш берген сәтінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең соммада әлеуметтік қолдау көтерме жәрдемақы берілсін.".

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

төрағасы	V шақырылған XXI сессия	T. Оспанов
мәслихаттың хатшысы	Уәлиханов ауданының ауданының ауыл шаруашылығы және вeterинария бөлімі" Н. Иманов	Б. Кәдіров
	"КЕЛИСІЛДІ" "Уәлиханов ауданының ауыл шаруашылығы және мемлекеттік мекемесінің басшысы	
8 сәуір 2014 жыл		